


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және
тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

 Ж.Н.Базартай
« 11 » 11 2024 ж.



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША КӘСІБИ
БАҒДАР БЕРУ ЖОЛ КАРТАСЫ

Қызылорда қаласы, 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

- | | |
|---|-------|
| 1. Кіріспе | 3 бет |
| 2. Кәсіби бағдар беру жұмысы Жол картасының мақсаты,
негізгі міндеттері | 4 бет |
| 3. Кәсіби бағдар беру жұмысының Жол картасын іске асыру
бойынша іс-шаралар жоспары | 5 бет |

КІРІСПЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті аймақтағы жетекші білім беру мекемесі бола отырып, жоғары білім беру жүйесінде магистрларды даярлаудың сапасын арттыру және білім алушылардың санын көбейту бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Университеттің даму жоспарымен үйлесетін бұл жол картасы 2024-2025 оқу жылына арналған магистратура бағдарламаларының контингентін арттыру мақсатында әзірленді.

Магистратура бағдарламаларына білім алушыларды тарту – университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін нығайтуға, халықаралық білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Осы бағытта атқарылатын жұмыстар жаңа технологиялар мен коммуникациялық әдістерді пайдалана отырып, заманауи кәсіби бағдар беру тәсілдерін, мақсатты жарнамалық науқандарды ұйымдастыруды қамтиды.

2024-2025 оқу жылына арналған магистратура бойынша кәсіби бағдар беру жол картасы төмендегі құжаттарға негізделіп жасалған:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27 желтоқсан 2019 жылы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- 2023-2029 жылдарға арналған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті " КеАҚ-ның Даму бағдарламасы.

Жол картасында белгіленген іс-шаралар университеттің магистратура бағдарламаларының сапасын арттыруға, талапкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға және контингент санын көбейтуге бағытталған кешенді шаралар жүйесін қалыптастырады.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистратура бағдарламаларына білім алушылар контингентін тұрақты түрде ұлғайту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және аймақтық, республикалық, халықаралық деңгейлерде университеттің беделін көтеру мақсатында кешенді кәсіби бағдар беру және жарнамалық жұмыстарды ұйымдастыру. Университеттің ғылыми әлеуетін насихаттай отырып, білім беру сапасын халықаралық стандарттарға сәйкес дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері:

- 1. Аймақтық және республикалық талапкерлерді тарту** – Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы және көршілес өңірлердің ЖОО түлектерін, жұмыс істеп жүрген мамандарды және бакалавриат бітірушілерін магистратура бағдарламаларына тарту жұмыстарын жүргізу.
- 2. Университеттің ғылыми және зерттеу қызметінің артықшылықтарын насихаттау** – магистратура бағдарламаларының ғылыми әлеуетін таныту, жетекші зерттеу бағыттарын және жобаларды жариялап, талапкерлер арасында қызығушылық қалыптастыру.
- 3. Шетелдік талапкерлерді тарту** – университеттің халықаралық ынтымақтастығын кеңейту, шетелдік серіктес ұйымдармен бірлесе отырып, шетелдік студенттерді тарту жұмыстарын күшейту, сондай-ақ халықаралық білім көрмелеріне қатысу.
- 4. Жарнамалық және медиа контентті тиімді пайдалану** – магистратура бағдарламалары туралы ақпараттық материалдарды заманауи медиаресурстар арқылы жүйелі түрде тарату, мақсатты аудиторияға бағытталған жарнамалық науқандар ұйымдастыру.
- 5. Әлеуметтік және академиялық қолдау көрсету** – талапкерлерге магистратураға түсу мүмкіндіктері, қаржылық жеңілдіктер, жатақханамен қамтамасыз ету және академиялық қолдау бағдарламалары туралы кеңес беру.
- 6. Ғылыми ынтымақтастық орнату** - өңірлік және халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарымен, өндірістік ұйымдармен, ЖОО-мен әріптестік байланыс орнатып, магистратура бағдарламаларына түсуге ынталандыру.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Магистратураға түсушілерге арналған ашық есік күндерін ұйымдастыру және онлайн вебинарлар өткізу	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай БББ жетекшілері
2	Әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram, TikTok, YouTube) магистратура бағдарламалары туралы тұрақты контент жариялау және мақсатты жарнамалар орналастыру	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай Н.С.Шарападин
3	Магистратура бағдарламалары туралы толық мәліметтерді қамтитын веб-сайт пен ақпараттық брошюралар дайындау	Қараша айы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай Н.С.Шарападин
4	Талапкерлерді университеттің зерттеу мүмкіндіктерімен таныстыру және университеттің ғылыми жобаларына қатысу мүмкіндігін ұсыну	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай
5	Шетелдік студенттерді тарту үшін халықаралық білім көрмелеріне қатысу және «Отандастар» қоры арқылы байланыс орнату	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай
6	ЖОО және ғылыми мекемелермен серіктестік орнатып, магистратура бағдарламаларын насихаттау мақсатында ресми кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай
7	ЖОО профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен магистратураға түсудің артықшылықтарын түсіндіретін арнайы бейнеролик дайындау	Қаңтар айы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай Н.С.Шарападин
8	Магистратура бағдарламаларына түсу талаптары және қаржылық жеңілдіктер туралы ақпаратты университет базаларында насихаттау	Ақпан – Мамыр айлары	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай БББ жетекшілері
9	Қаладағы және аудандардағы кәсіби ұйымдармен байланыс орнатып, магистратура бағдарламалары бойынша ынтымақтастық жобаларын іске асыру	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай
10	Талапкерлерге кеңес беру орталығын ұйымдастыру (online және offline)	Жыл бойы	А.Ж.Бұхарбаева А.С.Мырзабай

Рекрутинг және мансап
бөлімінің басшысы



А.С.Мырзабай